bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2023

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

# «Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері».

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 13.06.2023 | https://bilimger.kz/140202/ |

**Қысқа мерзімді ашық сабақ жоспары**

**Пән:** Қазақстан тарихы

**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан»

**Күні:** 12 желтоқсан 2022 жыл

**Оқытушы:**

**Топ:**

**Қатысқандар саны: 28**

**Қатыспағандар саны: 1**

**Сабақтың тақырыбы:** ***«Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері».***

**Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** Тарихи және көркемдік құндылығы. Кейіпкерлердің іс-әрекеті портреттік мінездемені салыстырып, тарихи баға беру.

**(оқу бағдарламасына сілтеме)** 10.3.1.2-Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру.

10.3.2.4-мемлекет құрлысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу.

10.3.2.5- XIII-XVғғ. мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау.

**Сабақтың мақсаты:**

- Моңғол империясының құрылуы мен әскери басқару жүйесін түсінеді;
- Шыңғыс хан құрған мемлекеттің қоғамдық құрылымын және әскери әкімшілік

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

аймақтарын ажырата алады;

- Көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктеріне баға бере отырып, Шыңғыс хан жеңістеріне ықпал еткен жағдаяттарды талдайды;

**Бағалау критерийлері:**

- Моңғолдар мемлекеттік деңгейге қалайша жеткендігін біледі;
- Әскери жетістіктерін түсінеді;
- Карта бойынша ұлыс аймақтарын ажыратуға қолданады;

**Тілдік мақсаттар**

***Студенттер:*** Шыңғыс хан құрған мемлекеттің қоғамдық құрылымын талдайды (оқылым, жазылым), топта талқылайды (айтылым, тыңдалым)

***Негізгі ұғымдар мен лексикология*****:** Моңғолдар, Шыңғыс хан, құрылтай, экспансия, моңғол жаулап алулары, көшпелілердің дамыған мемлекеті, яса.

***Талқылауға арналған сұрақтар*****:**

Шыңғысханның тарихтағы орнына қандай? Бұл мәселе туралы саралап айта аласыздар ма?

***Диалогқа/жазылымға арналған сөзтіркестері:***

Шыңғыс ханның негізгі ұстанымдары…; Алаш идеясының өзегі… деп ойлаймын

***Жазылымға арналған тапсырмалар*****:**

«Мәңгілік ел» қоғамдық ой және ұлттық идея» графикалық органайзер

**Тарихи концепт** Өзгеріс пен сабақтастық

**Құндылықтарды дарыту:** Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, жалпыадамзаттық құндылықтар

**Пәнаралық байланыс:**

Дүниежүзі тарихы тарихы, Қазақ Әдебиеті, география

**АКТ қолдану дағдылары:** Интерактивті тақта, «LED» экран, презентация, видео

**Алдыңғы білім:**

Қазақстан жерінде моңғол экспансиясына дейін түркі тілдес тайпалардың этносаяси

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

бірлестігі қалыптасқанын және олардың әлеуметтік – экономикалық, саяси, мәдени жағдайын біледі.

## Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері: | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы 5 минут | Топ студенттерімен амандасу, сабаққа дайындығын тексеру, студенттердің сабақ басындағы көңіл күйін білу мақсатында стикерлерді «Көңіл-күй ағашы» плакатына ілу, сабақ тақырыбын және оқу мақсатын айқындау. | «LED» экран, стикерлер, фото-суреттер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Сабақтың ортасы

**1. Үй тапсырмасын тексеру:** «Түркі империясы — көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі» тақырыбы бойынша quizizz.com қосымшасы арқылы тест тапсырмаларын орындау.

https://quizizz.com/join?gc=71350
(15 минут)

15 минут

**2. Видео роликке анализ жасау.** Шыңғыс хан туралы видео ролик қосылады. Видеороликті тыңдап, «тарихи диктант» тапсырмасын орындайды
· Моңғолия жерінде.............................. тайпалары, этно – саяси бірлестіктері өмір сүрді
· 1203-1205жж ................................................... талқандап татар-моңғол тайпаларының басын біріктірген
· Шыңғыс хан түркі – моңғол тілдерінде .............................. деген ұғымды білдіреді
· Шыңғыс хан мемлекетті 3 әскери – әкімшілік аймаққа................................................................ бөлді.

*Дескрипторы:*
— «Мәңгілі ел» идеясының тууына себеп болған тарихи оқиғаларды анықтайды;
-Сол оқиғаға дәлел келтіреді;
-Бұл идеясының тууының маңызын талдайды

https://www.youtube.com/watch?v=iDF_ObIl3JQ
Шыңғысхан туралы видео ролик
(10 минут)

15 минут

***3. Мәтінмен жұмыс.*** *Мәтінді оқи отырып, «Келісемін» «Келіспеймін» кестесін толтырады. «К-К» әдісі*

Презентация

Монғол және түрік тайпалары арасындағы үздіксіз соғыстар нәтижесінде XIIғ. соңы мен XIIIғ. басында Монғол мемлекеті пайда болды. 20 жылға созылған күрес нәтижесінде 1206 жылы жалпы моңғол құрылтайы Темучинді ең жоғары билеуші етіп сайлап, Шыңғысхан деген атақ берді. 1203-1217жж. аралығында керей, найман хандықтары мен Сібір, Шығыс Түркістан, Жетісу жерлерін бағындырып, Пекинді алды. Солтүстік Қытайды жеңген Шыңғысханның алдында Орталық Азияның ең қуатты мемлекеттерінің бірі Хорезмшақ иелігі тұрды. 1218ж. екі мемлекет аралығындағы дипломатиялық келісімге қарамастан, сол жылы Отырардағы сауда керуенін Қайыр ханның қырып тастауын сылтау етіп, 1219ж. қыркүйекте Шыңғысхан соғыс ашты. 150 мың әскерден құралған үлкен қол 1219—1224жж. аралығында Қазақстан мен Орта Азия иеліктерін түгелімен жаулап алды. Жергілікті халықтың қарсылығын басу үшін Шыңғысхан жаппай қырып-жою, зорлық-зомбылық әдістерін қолданды. Отырардың билеушісі Қайырхан 80 мың әскермен қаланы бес ай бойы қорғады. Жеті күн берілмеген Сығанақтың халқы түгел қырылды. Жент, Баршынент, Үзгенд қалаларыда жаппай тонауға ұшырады. Шыңғысхан шапқыншылығы елге үлкен қайғы-қасірет әкелді. Өркениет деңгейіне жеткен қалалар, мәдениет ошақтары күйреді. Қазақстан тайпаларының этносаяси бірігу процесі шегеріліп, рухани жетістік монғолдардың артта қалған қарабайыр шаманистік жүйе қарамағында қалды.

10 минут

| № | Мазмұны | Келісемін | Келіспеймін |
|---|---|---|---|
| 1 | Жошы ұлысы — орыс тарихнамаларда «Алтын Орда» деп аталады | | |
| 2 | Шыңғыс хан 1186-1241 жылдары өмір сүрді | | |
| 3 | 1229 жылы Моңғол ақсүйектерінің құрылтайында Шыңғысханның үшінші ұлы – Төле хан тағына сайланды. | | |
| 4 | Әкесінің тірі кезінде ақ Шағатай Ұлы Ясаның ең білімді сарапшысы, заңдар мен әдет-ғұрыптарға қатысты барлық мәселелерді шешуде ең құрметті адам ретінде танылды | | |
| 5 | 1260 жылдан бастап Монғол империясының бесінші Ұлы ханы – Құбылай хан | | |

10 минут

*Дескриптор :*
— Шыңғыс хан империясының тарихи тұлғаларын біледі
— Моңғол тарихындағы халықаралық жағдайды анықтайды

**4. Математикалық ойын**. Шарты есеп шығарамыз, шыққан жауабында қандай оқиға болды соны айтамыз.
1. (532·2)+142= 1206
2. 55+(200·5 ) =1155
3. (30· 40)+27= 1227
**1206ж —** Монғол мемлекетінің құрылуы.Темучиннің Шыңғыс хан атануы
**1155ж** — Темүжін Моңғолияның Кендітау аймағындағы Онон өзенінің жағасында, Болдоқ деген жерде дүниеге келген.
**1227ж** — Шыңғыс хан мен оның ұлы Жошының қайтыс болуы.

*Дескриптор:*
1.Есепті шығара анлады.
2.Жылды анықтайды.
3.Жылды сипаттайды.

**5. «Уақыт сызығы» негізгі оқиғаларын табу.**

| | |
|---|---|
| *1155/62 ж.* | Темучиннің, болашақ Шыңғысханның, туған жылы. |
| *1202-1205 жж* | Моңғолияның құрылтайында Шыңғысхан Моңғол мемлекетінің билеушісі болып тағайындалды, Моңғол мемлекетінің құрылуы. |
| *1206 ж* | Моңғолдар ойраттарды, енисей қырғыздарды, ұйғырларды өздеріне бағындырды |
| *1207 ж* | монголдардың таңғұттарға (Си Ся мемлекетіне) қарсы жорығы. |
| *1207-1208 жж.* | татарларды талқылау, моңғолдардың наймандар мен меркіттерді жеңуі. |
| *1211-1215 жж.* | Шыңғысханның Орталық Азия, Иран және Закавказьеге жасаған жорықтары. |
| *1218 ж.* | Шыңғысхан Пекин қаласы — астанасымен бірге Солтүстік Қытайды жаулап алды. |
| *1218 — 1221 жж.* | Моңғол әскерлерінің Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алуы және «Яса» заңдар жинағын жариялау. |
| *1223 ж.* | Шыңғысхан қайтыс болды. |
| *1227 ж.* | моңғолдардың билігі Қытайдағы«Қызыл байлауыштар» атты танымал көтеріліс нәтижесінде құлауы. |
| *1237-1240 жж* | Шыңғысханның немересі Батудың Руське қарсы жасаған жаулаушылық жорығы. |
| *1239-1242 жж.* | Моңғолдар Калька өзенінің маңында орыс-половецтердің әскерін талқалдады. |
| *1368 ж.* | моңғолдардың Шығыс Еуропаға жасаған жорықтары, Венгрия тонау. |

*Тапсырманың дескрипторлары:*
— студенттер уақыт сызығында барлық негізгі даталарын белгілейді;
— студенттер моңғолдардың жаулап алу жорықтарының тарихының негізгі оқиғалардың мәнін қысқаша сипаттайды;

<table>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>10 минут</td><td>Кері байланыс – «БББ» кестесі<br><br>Білемін / Білгім келеді / Білдім<br><br>Үйге тапсырма:<br>1. Картадан Моңғол империясының кеңеюін сызып, дәптерге түсіріп келу<br>2. «Отырардың күйреуі» атты таныстырылым дайындау<br><br>Сабақты қорыту: Шыңғысханның жағымды, жағымсыз жақтары неде, Шыңғыс хан ұрпақтарының ұлыстық аумақтарын анықтап білді.</td><td>«БББ» кестесін толтырады</td></tr>
<tr><td>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті студенттерге қандай тапсырмалар бересіз?</td><td>Бағалау – Сіз студенттердің материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз<br><br>Студент / 1. quizizz.com тест / 2. «Тарихи диктант» тапсырмасы / 3. «К-К» әдісі / 4. Математикалық ойын / 5. «Уақыт сызығы» әдісі / Балл</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</td></tr>
<tr><td>Талқылау үрдісі кезінде барлық студенттердің бірегей қатысуын қадағалаймын. Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір студенттен күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу. Студенттердің Қызығушылығы оянды,белсендік танытты.</td><td>Жеке жұмыс  тапсырмаларын орындау кезінде бағалау критерийлері дескриптор негізінде жүзеге асырылды.<br>Бағалау критерийі: саяси идея түрлерін өзара бір – бірімен салыстырады.<br>Дескриптор: Алаш идеясының пайда болуы мен дамуын анықтайды.</td><td>Уақытында слайдты пайдалану. Жұмыстарды орындауда қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Жағымды орта қалыптасады, тапсырманы орындауда қызығушылығы оянады.</td></tr>
<tr><td>Рефлексия.</td><td>Рефлексия: плюс, минус қызықты.<br>· Маған бүгін жаңалық болды?<br>· Маған бүгін қызықты болды?<br>· Маған бүгінгі сабақта түсініксіз болды?</td><td></td></tr>
</table>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.